

FTAMP 16.01.33

DOI 10.59941/2960-0642-2025-3-128-142

Географиялық терминологияның мектеп оқулықтарында жүйелі қолданылуы

Д.Р. Смакова^{*1}, Е.Қ. Абдрасилов², М.Е. Ажибекова³, Ж.Б. Адильбекова⁴

^{1,2}Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы

Астана қ., Қазақстан Республикасы

^{3,4}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

*danarau.dr@gmail.com



Аңдатпа. Бұл мақалада жалпы орта білім беру мектептеріне арналған география пәні оқулықтарындағы терминдердің құрылымдық және әдістемелік ерекшеліктері мен өзекті мәселелері жан-жақты талданады. Зерттеу нысаны ретінде 7-11-сыныптарға арналған география оқулықтарындағы терминологиялық құрам негізге алынады. Терминдердің сандық көрсеткіші, ғылыми дәлдігі, тілдік сауаттылығы, анықтамалар құрылымы, күрделілік деңгейі және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі арнайы критерийлер бойынша бағаланады. Зерттеу барысында сараптамалық тәсілдер, мазмұнды талдау, анықтамалар құрылымын зерделеу және қайталанатын терминдерге салыстырмалы контенттік талдау қолданылады. Сондай-ақ, сарапшылардың пікірі мен түзету ұсыныстары сапалық талдау нысаны ретінде қарастырылады. Талдау нәтижесінде оқулықтарда орынсыз, қайталанатын және бірізділігі сақталмаған терминдердің кездесетіні анықталады. Оқулықтарда ұсынылған терминдер анықтамаларының күрделілігі және тілдік үйлесімділігі сипатталады. Аударма мен транслитерация мәселелері оқу үдерісін қиындатып, оқушының түсіну деңгейіне кері әсер етеді. Үлгілік оқу бағдарламасы мен оқулықта қолданылған терминдердің арасында мазмұндық және тілдік сабақтастық сақталмауы байқалады. Мақалада терминдердің қисынды жүйеленуі, анықтамалардың ықшам әрі түсінікті болуы және ғылыми стильге сай қалыптастырылуы бойынша нақты ұсыныстар берілген. Зерттеу нәтижесі оқулық сапасын арттыруға, оқу материалдарын жүйелеуге және білім алушыға түсінікті орта қалыптастыруға бағытталған әдістемелік ұстанымдарды негіздейді.



Кілтті сөздер: мектеп оқулықтарының терминологиясы, терминологиялық бірізділік, терминжасам тәсілдері, география терминдері, терминдерді оқулықта қолдану



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Смакова, Д.Р., Абдрасилов, Е.Қ., Ажибекова, М.Е., Адильбекова, Ж.Б. Географиялық терминологияның мектеп оқулықтарында жүйелі қолданылуы [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №3. – Б. 128–142.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде сапалы оқулықтар ғылыми дәлдікке, құрылымдық бірізділікке және тілдік сауаттылыққа негізделуі тиіс. Оқулықтар тек танымдық құрал ғана емес, ғылыми ұғымдарды меңгеру мен терминологиялық мәдениетті қалыптастырудың негізгі құралы ретінде

маңызды рөл атқарады. Терминдердің мазмұны, жүйелілігі, аударма сәйкестігі және пәндік мәнмәтінмен үйлесімділігі өзекті мәселелер қатарында.

Қазақстанда оқулық әзірлеу және сараптау үдерісінде терминологиялық саясаттың бірыңғай стандартының болмауы мазмұн сапасына әсер етеді: бір

ұғым түрліше берілуі, аударма дәлдігінің сақталмауы және оқушы жас ерекшелігінің ескерілмеуі – оқулықтың түсініктілігін төмендететін факторлар.

Әлемдік білім кеңістігіне интеграциялану оқулық мазмұнын халықаралық терминологиялық стандарттарға сәйкестендіруді талап етеді, алайда бұл бағытта ғылыми-әдістемелік құралдар жеткіліксіз.

Зерттеудің мақсаты – мектеп оқулықтарындағы терминдердің жүйелілігін зерделеп, қолданыстағы оқу материалдарын талдау негізінде сәйкессіздіктерді анықтау және халықаралық тәжірибе негізінде тиімді ұсыныстар беру.

Қазақстандық зерттеулер де осы бағытта маңызды ғылыми негіздер қалыптастырып келеді. Қазақ терминологиясының теориясы мен әдістемелік негізіне елеулі үлес қосқан ғалым Ш. Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі», «Алаш және терминтану», «Терминтану» еңбектерінде терминдердің шығу көздері, мағыналық өзгерістері, аударма мен транслитерация мәселелері, ұлттық терминқордың қалыптасу тетіктерін сипаттайды [1]. Сонымен қатар мектептегі жаратылыстану және математика пәндеріне арналған оқулықтардағы терминологиялық құрамды бағалауға бағытталған С. Нұрғалиеваның әріптестермен бірге жүргізген зерттеу де осы салаға қосымша үлес қосады [2]. Бұл зерттеу оқулықтардағы терминдердің анықтамасы, мысалмен қамтамасыз етілуі, этимологиясы және оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестік тұрғысынан сараланып, оқулық сапасын арттыруға қатысты нақты әдіснамалық негіз ұсынды. А. Ахмет, Г. Бегимова және Ж. Өмірбекова жаратылыстану пәні негізінде мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданыс ерекшеліктерін талдап, олардың ғылыми дәлдігі, оқушы жасына сәйкестігі және тілдік үйлесімділігі тұрғысынан мазмұндық сараптама жүргізді және терминологиялық жүйенің бірізділігі мен әдістемелік негізін қалыптастырудың өзектілігін атап көрсетеді [3].

Соңғы жылдары А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Термино-

логия бөлімінде терминдерді стандарттау мен нормалауға бағытталған іргелі жобалар жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – «Қазақ терминологиялық қорын қалыптастырудың теориялық негіздері мен лингвистикалық принциптері» атты кешенді зерттеу. Қ.Ж. Айдарбек пен А.О. Азбергенова терминологиялық сөздіктердің түрлері мен құрылымын талдап, ономасиологиялық тәсіл негізінде терминжасамның когнитивтік және семантикалық ерекшеліктерін сипаттайды [4].

Бұл зерттеуде география пәні бойынша терминдердің қолдану ерекшеліктері сараланып, жүйесіздік пен бұрмалаудың оқу мазмұнына әсері көрсетіледі. Сонымен қатар пәндік терминологияны біріздендіру мен жүйелеуге бағытталған қағидаттар айқындалады.

Зерттеудің жаңалығы – оқулықтардағы термин қолданысын кешенді сараптап, әдістемелік ұсыныстардың әзірленуі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Қазақстан мектептерінде қолданылатын 7-11- сыныптарға арналған география пәні оқулықтары алынды. Зерттеу барысында отандық «Алматыкітап», «Атамұра» және «Мектеп» жетекші баспалары шығарған оқулықтар қамтылды. Аталған оқулықтар үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленіп, оқу үдерісінде кеңінен пайдаланып келеді.

Оқулық мазмұнын талдауда бірқатар ғылыми әдістер кешені қолданылады. Атап айтқанда, контенттік талдау әдісі арқылы терминдердің қолданылу жиілігі, оқулық бөлімдерінде кездесетін деңгейі және құрылымдық орналасуы айқындалады. Терминологиялық сараптама оқулықтағы ұғымдардың ғылыми дәлдігіне, анықтамалардың бірізділігі мен жүйелілігіне, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкестігіне бағалау жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ салыстырмалы лингвистикалық талдау арқылы бір терминнің түрлі баспаларда қандай нұсқада ұсынылғаны, аударма сапасы мен ұғым-

дық сәйкестік деңгейі салыстырылады.

Терминдерді бағалау үшін арнайы рубрика жасалды. Ол төрт критерийді қамтыды: 1) ғылыми дұрыстығы, 2) пән мазмұнына сәйкестігі, 3) тілдік бірізділігі, 4) оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі. Сараптамалық бағалауға «Жаратылыстану» білім беру саласының пәндері бойынша 11 маман тартылды. Бұл деректерді зерттеудің сенімділігін арттырады және басқа зерттеулерде қолдануға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдістердің үйлесімділігі зерттеу нысанын кешенді түрде талдауға және мектеп оқулықтарындағы терминологиялық жүйенің сапасына дәл әрі жан-жақты баға беруге мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдар оқулық сапасына қойылатын талаптар аясында терминологиялық дәлдікке ерекше назар аударады. UNESCO оқулық мазмұнының ғылыми негізделуі мен терминдердің дәлдігіне [5], ал OECD олардың күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігіне мән беру қажеттігін атап көрсетеді [6]. Финляндия, Жапония және Корея оқулықтарында терминдер жас ерекшелік пен қолдану жиілігі ескеріле отырып ұсынылады. Мәселен, Финляндияның National Core Curriculum for Basic Education стандартында оқу-

лықтағы терминология оқушы жас ерекшелігіне және оқу мақсаттарына сәйкес құрылуы қажет деп көрсетілген [7]. Жапонияда MEXT оқу бағдарламасы оқушыларға 1600 – 1800 сөздік бірлікті меңгеруді ұсынса [8], Ichiyama, Y. оқулық мазмұнындағы академиялық сөздердің құрылымы мен жиілік сипаттарын талдап, терминологияны таңдауда оқу деңгейі мен когнитивтік жүктемені ескеру қажеттігін көрсетеді [9]. Оңтүстік Корея зерттеушілері Jeong, H. & Kim, A. терминдердің жас ерекшелігіне сәйкестігі мен оқу мазмұнымен үйлесімділігін талдайды [10]. New General Service List жиілік пен мазмұндық мән-мәтінге негізделген термин іріктеу үлгісін ұсынады; бұл тізім модификацияланған леммалар принципіне сүйеніп (мысалы, rise, rises, rising, risen), грамматикалық формаларды бір топқа біріктіреді. Қазақ тіл білімінде де синтетикалық тәсіл арқылы терминдердің қызметі мен мазмұндық сипаттамасына сәйкес атау жасау жолдары қарастырылады [11].

Бұл зерттеулер терминологиялық бірліктердің мазмұн мен тұрпатын нақтылап, оқулықтағы терминдердің ғылыми және әдістемелік сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Терминдердің жүйелі қолданылуын халықаралық және отандық тәжірибеге сүйеніп, 1-кестеде ұсынамыз.

1-кесте – Терминдердің жүйелі қолданылуын халықаралық және отандық тәжірибенің салыстырмалы қорытындысы

Критерий	Халықаралық тәжірибе	Қазақстандық тәжірибе
Терминдердің бірізділігі	Жоғары деңгейде сақталады	Жиі бұзылады, көп нұсқалық байқалады
Аудармалық сәйкестік	Фонологиялық-орфографиялық үйлесім ескеріледі	Калька, транслитерация қиындықтары жиі кездеседі
Жас ерекшелігіне сәйкестік	Лексикалық жүктеме деңгейімен реттеледі	Күрделі терминдер мен түсініксіз анықтамалар кездеседі
Цифрлық қолдау	Визуалды, интерактивті құралдар кеңінен қолданылады	Шектеулі, жүйелі цифрлық құралдар енгізілмеген

Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу нәтижелері мектеп

оқулықтарындағы терминология сапасына қатысты бірнеше мазмұндық және құрылымдық мәселелерді анықтады.

Алдыңғы бөлімде сипатталған контенттік және терминологиялық талдау критерийлері негізінде 2-кестеде берілген 7-11-сынып география оқулықтарындағы

терминдер ғылыми дәлдік, бірізділік, оқу бағдарламасы мен оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі тұрғысынан бағаланды.

2-кесте – Терминологиялық аппараты сарапталған оқулықтар тізімі

Баспа оқулықтары			
	Атамұра	Алматыкітап	Мектеп
7	География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, Екі бөлімді /А. Егорина, С. Нуркенов, Е. Шими́на – Алматы: Атамұра, 2017.	География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2017.	География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2017.
8		География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық, 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова – Алматыкітап, 2018.	География. С. Әбілмәжінова, К. Каймулдинова Мектеп 2018ж
9	Қазақстан география. Оқулық, 1, 2 Р.Қаратабанов, А.Саипов, Б.Балғабаева, Қ.Сапаров Алматыкітап, 2019	Қазақстан география. Оқулық, 1, 2 бөлім. В.Усиков, А.Егорина, А.Усикова, Г.Зәбенова Атамұра 2019ж	Қазақстан география. Оқулық, 1, 2 бөлім Ш.Толыбекова, Г.Головина, С.Козина, Е.Ахметов Мектеп 2019
10		Қазақстан география. Оқулық, 1, 2 С. Төлепбекова, А. Аманжолов, А. Жылқайдарова Алматыкітап, 2019	Қазақстан география. Оқулық, 1, 2 бөлім К. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, Мектеп 2019
11			Қазақстан география. Оқулық, 11-сынып К. Каймулдинова, Б. Абдиманов, С. Әбілмәжінова, Мектеп 2020

2. Негізгі орта білім берудің 7-9-сыныптарына және жалпы орта білім берудегі жаратылыстану-математикалық бағытта оқытуға арналған 10-11-сынып оқулықтарының терминологиялық құрамы 1-суретте берілген үлгімен іріктелді.

Зерттеу жұмыстарының барысында 7-11-сыныптарға арналған «География» оқулықтарындағы терминология құрамына жасалған сараптама нәтижесінде анықталды:

1. Тақырыптар бойынша қолданылатын терминдердің саны. Кейбір баспа оқулықтарында терминдер мен ұғымдар шамадан тыс немесе жеткіліксіз берілген.
2. Тақырыптар бойынша қолданылатын терминдердің анықтамасында айырмашылықтар орын алады.
3. Кейбір жаңа ұғымдардың анықтамасы берілмеген.
4. Терминдердің берілуі және аударма-

сы Termincom.kz сайтында бекітілген нұсқаларымен салыстырылып, олардың мазмұндық дәлдігі мен пәндік мәнмәтінге сәйкестігі бағаланды.

Бұл ұйғарымдар оқу бағдарламасымен сәйкестендіріліп, білім алушының меңгеруге тиісті жаңа сөздер мен ұғымдарды анықтау 3-кесте көрсетілген кестені жасау кезінде анықталды.

3-кесте – География оқулығындағы терминдер

География 7-сынып						
тақырып	термин	дефинициясы		аудармасы	термин-ком	
1-бөлім: Географиялық зерттеулердің әдістері		География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Екі бөлімді /А. Егорина, С. Нуркенов, Е. Шиминова — Алматы: Атамұра, 2017.	География: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімнен тұрады / Р. Қаратабанов, Ж. Байметова — Алматы: кітап, 2017.	орыс тілінде нұсқасы	қабылданған	Саласы
	физикалық география	табиғатты ғылыми тұрғыда зерттеумен айналысады	табиғат құбылыстарын зерттейді	физическая география		Геология, геодезия және география
	әлеуметтік-экономикалық география	шаруашылығы мен тұрғын халқын зерттейді	адам өміріне байланысты ерекшеліктерді зерттейді	социально-экономическая география	2024 жылы бекітілген	
	экономикалық география		қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуын, түрлі елдер мен аудандар шаруашылығының аумақтық-экономикалық құрылымын құру ерекшеліктерін зерттейді	экономическая география	2024 жылы бекітілген	
	картография	анықтама берілмеген, терминнің мағынасы ашылмаған	карталарды құрастыру және пайдалану әдістері	картография	1971-1981 жж бекітілген	география
	табиғи кешендер	бір-бірімен тығыз байланысқан құрамдас бөліктер		природные комплексы	2022 ж	география, экология
	карта, атлас	адамзаттың жылдар бойы түрлі табиғи үдерістер мен құбылыстар жайлы және олардың аумақ бойынша таралуы туралы жинақталған білім көзі болып табылады.	жердің беткі қабатының жазықтықтағы кішірейтілген бейнесі (2-бөлім)	карта, атлас карта - қарты карта-карта		пән сөздері салалық термин
	литосфера	анықтамасы жоқ		литосфера		
	эллипс	анықтамасы жоқ		эллипс		
	термометр, барометр, флюгер	ауа райын бақылау құрылғылары		термометр, барометр, флюгер		

3. Оқулық мазмұнындағы терминдер мен ұғымдар құрамының сандық көрсеткіштері анықталды.

Төменде берілген 3 және 4-кестелерде

7-9-сыныптарға арналған «География» оқулықтарындағы ұғымдық-терминологиялық құрам 6 бөлім бойынша, 10-11-сыныптарға арналған оқулықтарынан 7 бөлім бойынша іріктеліп талданды.

4-кесте – 7-9- сынып оқулықтарында берілген ұғымдық-терминологиялық аппараттың сандық көрсеткіштері

№	сынып	Бөлім/ баспа	1. Географиялық зерттеулердің әді- стері	2. Картография және географиялық де- ректтер қоры	3. Физикалық гео- графия.	4. Әлеуметтік гео- графия	5. Экономикалық география	6. Елтану және саяси география негіздері	Барлығы
1	7	2 баспа	83	7	188	13	47	11	349
		Атамұра, 2017	19	4	84	5	12	7	131
		Алматыкітап, 2017	64	3	104	8	35	4	218
		Ортақ терминдер	16	1	31	2	4	2	56
2	8	2 баспа	14	8	155	26	64	27	294
		Мектеп 2018ж	11	7	51	11	27	13	120
		Алматыкітап, 2018.	14	4	115	22	42	21	218
		Ортақ терминдер	11	3	37	11	12	9	83
3.	9	3 баспа	54	11	103	45	66	5	284
		Мектеп 2019ж	26	7	51	30	50	2	166
		Алматыкітап, 2019	13	1	6	2	5	3	30
		Атамұра, 2019	15	3	46	13	11	0	88
		Ортақ терминдер	7	0	4	4	1	0	16
Барлығы			151	26	446	84	177	43	927

5-кесте – 7-9 сынып оқулықтарында берілген ұғымдық-терминологиялық аппараттың сандық көрсеткіштері

№	сынып	баспа	1-бөлім Географиялық зерттеу- лердің әдістері	2-бөлім Картография және геоин- форматика	3-бөлім Табиғатты пайдалану және геоэкология	4-бөлім Геосаясат	5-бөлім Геоэкономика	6-бөлім Елтану және саяси геогра- фия негіздері	7 бөлім Адамзаттың жаһандық мәселелері	Барлығы
4.	10	2 баспа	30	27	22	21	43	21	7	171
		Алматыкітап, 2019	11	18	17	12	6	11	3	78
		Мектеп 2019	19	9	5	9	37	10	4	93

	Ортақ терминдер	5	5	4	4	1	0	1	20
5.	11 Мектеп 2020	7	7	19	8	16	2	4	63
	Барлығы	37	34	41	29	59	23	11	234

Бұл кестелерде әр баспаның баламалы оқулықтарындағы терминдердің сандық көрсеткіші берілген. География оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленген оқулықтың бөлімдерінде қамтылған терминдер саны әртүрлі екені анықталды. Мысалы, 7-сынып оқулығында «Географиялық зерттеулердің әдістері» бөлімі бойынша «Алматыкітап» баспасында 64 термин, «Атамұра» оқулығы бойынша 19 термин іріктелді. Солардың ішінде ортақ терминдер саны – 16. Ортақ терминдер санының 16 ғана болуы пәндік тілдің әртүрлі оқулықтарда бірізді берілмейтінін көрсетеді. Бұл фактор педагогтар мен білім алушылар арасындағы тиімді қарым-қатынастың бұзылуына, сондай-ақ оқыту мен білім игеру сапасының төмендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар оқу жетістіктерін бағалауда (мысалы, тесттер, ҰБТ, бақылау жұмыстарында) стандартты терминдерге негізделмеген дайындық оқушылардың нәтижесіне кері әсер етеді.

Осылайша, терминдер санының сәйкес-

сіздігі оқу сапасына үш негізгі бағытта әсер етеді:

1. Когнитивтік ауырлық немесе жеткіліксіз жүктеме (тым көп немесе тым аз термин);
2. Пәндік тілді меңгерудегі жүйесіздік (оқулықтар арасындағы ортақ терминдердің сандық айырмашылығы);
3. Оқыту мен бағалаудағы теңсіздік (оқулық мазмұнының бағдарлама стандартына сай келмеуі).

Баламалы оқулықтардағы терминологиялық құрамның сандық айырмашылықтарының себептерін анықтау мақсатында олардың мазмұны үлгілік оқу бағдарламасындағы пәндік талаптармен салыстырмалы түрде талданды [12]. 2-суретте 7-11-сынып оқушылары меңгеруі тиіс терминдер бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының базалық мазмұны, ұзақ мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарын әр бөлім бойынша талдай отырып іріктелді.

6-кесте – үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны бойынша іріктелген терминдер

Бөлім	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1 Географиялық зерттеу әдістері	географиялық зерттеу әдістері зерттеу зерттеуші географияның зерттеу нысандары географиялық дереккөздер далалық зерттеу әдісі графикалық әдістер географиялық үдерістер географиялық құбылыстар географиялық тәжірибелер географиялық номенклатура графикалық әдіс карта сурет	географиялық зерттеу әдістері далалық зерттеу картографиялық зерттеу теориялық графикалық зерттеу зерттеуші география ғылымының салалары географиялық модель сандық деректер сапалық деректер географиялық модель	географиялық зерттеу әдістері зерттеу зерттеуші географиялық нысан географиялық құбылыс

		мәтін фотосурет графика диаграмма профиль		
2	Карто- графия және геогра- фиялық дерек- тер базасы	картография картосхема географиялық деректер базасы географиялық карта географиялық картосхема географиялық номенклатура географиялық деректер	картография географиялық деректер базасы тақырыптық карта профиль диаграмма график кесте ақпараттық-коммуника- циялық технологиялар географиялық деректер	картография географиялық дерек- тер базасы географиялық карта географиялық нысан географиялық үдеріс географиялық құ- былыс географиялық но- менклатура жерді қашықтан зертте- делу әдісі геоақпараттық жүйе

Талқылау

Зерттеу нәтижелері география пәніне арналған оқулықтардағы ұғымдар мен терминдер саны біркелкі емес екенін көрсетті. Оқулықтардағы ұғымдар мен терминдер саны бірізді көрсеткіштерге негізделмегендіктен, әр баспаның оқулықтарында айырмашылық айқын байқалады. Мысалы, «Атамұра» баспасының 7-сынып оқулығында 131 ұғым қамтылса, «Алматыкітап» баспасының оқулығында 218 термин бар. Бұл айырмашылық пән бойынша терминдер тізбесінің үлгілік оқу бағдарламасында нақты белгіленбегенін және бірыңғай нұсқаулықтың жоқтығын көрсетеді.

Аталған айырмашылықтар, ең алдымен, оқулық мазмұнының құрылымдық ерекшеліктеріне, авторлық ұстаным мен стильге, сондай-ақ терминдерді іріктеу және қолдану логикасымен байланысты. Терминдердің шамадан тыс көп болуы оқушылардың когнитивтік жүктемесін арттырып, негізгі ұғымдарды жүйелі әрі терең меңгеруіне кедергі келтіруі мүмкін. Бұл өз кезегінде оқу материалының тиімді қабылдануына және білімнің беріктігіне кері әсер етеді.

Терминдердің жеткіліксіздігі оқу материалының мазмұнын терең әрі жүйелі

түрде ұсынуға мүмкіндік бермей, ғылыми негіздегі түсініктер мен пәнге тән тілдік құрылымдардың қалыптасуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдай оқушылардың пәндік құзыреттілігі мен функционалдық сауаттылығына теріс ықпал етуі ықтимал.

Осыған байланысты, оқулықтарда қолданылатын терминдерді үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және пәндік логикаға сай жүйелі іріктеу – оқу үдерісінің тиімділігі мен сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Терминологиялық бірізділік пен әдістемелік үйлесімділікті сақтау оқу материалының ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеріп, ұғымдық аппаратты қалыптастыру мен білім сапасын арттырудың маңызды тетігі саналады.

Салыстырмалы контекст ретінде PISA және TIMSS секілді халықаралық бағалау жүйелері бойынша жоғары нәтиже көрсеткен Финляндия, Канада және Сингапурдың тәжірибелері қарастырылды [13].

1. Терминдердің бірізділігі мен жүйелілігі

Қазақстандық орта білім беру оқулықтарында бір терминнің әртүрлі оқулықтарда

әрқалай түсіндірілуі жиі кездеседі. Мысалы, 7-сыныптағы «гидросфера» ұғымы «Алматыкітап» оқулығында «жердің су қабықшасы» деп түсіндіріледі. «Атамұра» оқулығында «1. Планетамыздың су қабығы, 2. Тірі ағазалардың ертеден бері өмір сүріп келе жатқан ортасы» деп екі рет түсіндірілген. Оқыту мазмұнындағы құрылымдық бірізділіктің болмауы оқушылардың танымдық бірліктерді кезең-кезеңімен игеруіне тосқауыл болады. Канада мен Финляндияда бұл мәселе терминологиялық базаны ұлттық оқу бағдарламасына сәйкестендіру арқылы жүйеленген.

2. Терминдердің анықтамасын беру мәселесі

Зерттеу барысында оқулықтарда терминдердің берілуі жеткілікті болғанымен, олардың ғылыми анықтамаларының сапасы мен мазмұндық дәлдігі жиі сақталмайтыны анықталды. Атап айтқанда, сараптамаға тартылған сарапшылардың талдау нәтижесінде кейбір маңызды терминдердің, соның ішінде «физикалық география» ұғымының анықтамасы оқу бағдарламасы мен ғылыми-педагогикалық талаптарға сәйкес келмейтіні дәлелденді.

Мысалы, «Алматыкітап» баспасының оқулығында «физикалық география» терминіне «табиғат құбылыстарын зерттейді» деген тым жалпылама, мазмұндық жағынан шектеулі анықтама берілген. Бұл тұжырым оқушылардың ұғымды ғылыми тұрғыда дұрыс меңгеруіне кедергі келтіріп, пәндік мазмұнды үстірт түсінуіне себеп болуы мүмкін.

Сараптама нәтижесінде ұсынылған нақты әрі кешенді анықтама: «Физикалық география (грекше «φύσις» – табиғат) – географиялық қабықтың табиғат жағдайларын зерттеумен айналысатын ғылым. Географияның бір саласы» – 2014 жылы «Дәуір-Кітап» баспасынан жарық көрген О. Жанәділ «Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары» атты оқу құралындағы анықтамаға негізделіп ұсынылды [14].

Сонымен қатар халықаралық ғылыми тәжірибеге сүйене отырып, «Физикалық география – бұл Жердің табиғи құбылыстарын, ландшафттары мен географиялық ерекшеліктерін зерттейтін география ғылымының саласы. Ол атмосфера, гидросфера, литосфера мен биосфераның өзара әрекеттесуін, табиғи процестерді, климат пен ауа райының өзгерістерін, жер бедерінің эволюциясын және табиғат ресурстарын зерттейді» деген кеңейтілген анықтама мазмұндық тұрғыдан әлдеқайда толық әрі ғылыми негізделген болып саналады.

Осыған байланысты оқулық авторлары мен сарапшыларына терминдерге тек қысқаша түсініктеме беру ғана емес, олардың ғылыми негізін, пәндік аясын және оқушы жасына лайық интерпретациясын ескере отырып, дәл әрі бірізді анықтамалар беру ұсынылады. Бұл тәсіл білім сапасын арттыруға, оқу материалының түсініктілігі мен қолданбалығын күшейтуге мүмкіндік береді.

3. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі

Жүргізілген сараптамалық талдау мектеп оқулықтарында терминдердің тым қысқа анықтамамен шектелетінін де көрсетті. Мұндай тәсіл оқушылардың ғылыми тілге терең бойлауына, ұғымдарды нақты түсініп, оларды тәжірибеде қолдануына кедергі келтіреді. Мысалы, кейбір оқулықтарда «рекультивация», «этнолингвистика» секілді күрделі терминдер ешбір түсініктемесіз берілген, ал «әлеуметтік-экономикалық география» ұғымы «шаруашылығы мен тұрғын халқын зерттейді» деп қысқа әрі үстірт анықталған. Бұл анықтама сарапшылар тарапынан ғылыми талаптарға сәйкес емес деп танылып, оның орнына келесі нұсқа ұсынылды: «Әлеуметтік-экономикалық география – бұл қоғамның экономикалық іс-әрекеттерін, олардың географиялық таралуын, табиғи және әлеуметтік жағдайлармен өзара байланысын зерттейтін география ғылымының саласы».

Сондай-ақ 7-сыныпқа арналған кейбір

«География» оқулықтарында мазмұнды түсінуге күрделілігі жоғары терминдердің, мысалы «геоморфология», «астеносфера», «ионосфера», «медициналық география», «геоэкология» секілді ұғымдардың енгізілгені байқалды. Бұл терминдердің үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнымен сәйкестігі және оқушының жас ерекшелігіне сай келу мәселесі орынды күмән тудырады.

Халықаралық тәжірибе, атап айтқанда Финляндия мен Сингапурдың білім жүйесі, жаңа ғылыми терминдерді кезең-кезеңімен, оқушылардың даму деңгейіне қарай мәнмәтінге кіріктіріп, тапсырмалар мен мысалдар арқылы енгізуді ұсынады [15, 16]. Мұндай әдістеме терминдердің оқушы санасында нақты ұғым ретінде қалыптасуына және пәндік тілге жүйелі үйренуіне мүмкіндік береді.

Осыған байланысты отандық оқулық авторлары мен сарапшыларына келесі маңызды қағидаларды басшылыққа алу ұсынылады:

- терминдерді іріктеуде үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- әрбір жаңа ұғымға толық ғылыми негізделген, әдістемелік тұрғыдан түсінікті анықтама беру;
- терминдерді мысал, визуалдандыру және тапсырмалар арқылы кезең-кезеңімен енгізу;

- халықаралық тәжірибені бейімдеп қолдану.

Бұл тәсіл оқулық мазмұнының сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнді терең түсінуіне, ғылыми тілді меңгеруіне және оқу жетістіктерінің артуына ықпал етеді.

4. Визуалды материалдармен сүйемелдеу

Қазақ тіліндегі оқулықтарда терминологиялық бірліктердің иллюстрациялармен, диаграммалық көрсетілімдермен немесе нақты мысалдармен толықтырылуы жеткіліксіз деңгейде жүзеге асырылатыны байқалады. Бұл жағдай оқушылардың пәндік ұғымдарды терең түсінуіне және оларды тиімді меңгеруіне кері әсер етуі мүмкін. Sweller когнитивтік жүктеме теориясында оқыту барысында қолданылатын терминологиялық ақпарат биологиялық тұрғыдан екінші реттік білім ретінде қарастырылып, оны меңгеру оқушы жадына артық салмақ түсірмеуі тиіс, өйткені жады шектеулі көлемде жаңа ақпаратты ғана өңдей алады [17]. Мұндай тәсілдер оқушы миының когнитивтік орталықтарын белсенді ету арқылы оның ұғымды терең меңгеруіне ықпал етеді.

7-кестеде Қазақстан, Финляндия, Канада және Сингапур тәжірибесінде пәндік терминдердің берілу ерекшеліктері салыстырмалы негізде берілген.

7-кесте – Халықаралық салыстырмалы талдау

Критерий	Қазақстан	Финляндия	Канада	Сингапур
Терминдердің бірізділігі	Орташа	Жоғары	Жоғары	Жоғары
Жас ерекшелікке сәйкестік	Орташа	Жоғары	Жоғары	Жоғары
Визуалдандыру	Шектеулі	Көп	Көп	Орташа
Аударма/түсініктеме сапасы	Кемшіліктер бар	Түсіндірмелі	Бейімделген	Ағылшынша, түсіндірмесі бар

Бұл талдау терминдердің мазмұндық жүйелілігі, аударма мен анықтамасының

түсініктілігі, оқушы жасына сәйкестігі, сондай-ақ оқу материалының визуалдық сүй-

емелденуі сияқты параметрлер бойынша жүргізілді.

Зерттеу барысында анықталғандай, терминдерді қолдану барысында бірізділік пен дәлдік жиі бұзылады. Бұл оқушылардың ұғымдық түсінігін қиындатады. Халықаралық тәжірибе бойынша терминологиялық үйлестіру мен пәндік редакциялау міндетті кезең ретінде қарастырады.

Осы мақалада терминдердің шамадан тыс көп болуы когнитивтік жүктемені арттыруға ықпал ететіні теориялық тұрғыдан негізделді. Бұл тұжырым болашақта арнайы эмпирикалық зерттеулермен (оқушылар сауалнамасы, түсіну тестілері, NASA-TLX әдістемесі) дәлелденуі тиіс.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері мектеп географиясы оқулықтарындағы терминологиялық құрамның үлгілік оқу бағдарламасына және оқушы жас ерекшеліктеріне толық сәйкес келмейтінін көрсетті. Терминдер саны мен мазмұнындағы бірізділіктің сақталмауы – оқу үдерісінің сапасына тікелей әсер ететін маңызды мәселе ретінде анықталды. Терминологиялық құрамның артық немесе ретсіз берілуі оқушының когнитивтік жүктемесін күшейтіп, негізгі ұғымдарды жүйелі меңгеруіне кедергі келтіреді.

Талдау нәтижесінде терминдердің іріктелуінде құрылымдық бірізділіктің, анықтамалар сапасының және әдістемелік үйлесімділіктің жиі сақталмайтыны анықталды. Кейбір терминдер түсіндірілмей ұсынылған, ал кейбір анықтамалар ғылыми және дидактикалық талаптарға сай келмейді. Мәселен «физикалық география» ұғымының анықтамасы оқулықтарда қысқа және дәлелсіз берілсе, сарапшылар ұсынған ғылыми нұсқалар нақты әрі мазмұнды. Сонымен қатар терминдердің мәнмәтін ішінде берілу логикасы, қайталануы мен орналасу реттілігі де оқулықтан оқулыққа ауытқып отырады.

Халықаралық тәжірибе Финляндия, Син-

гапур және Жапония елдерінің оқу жүйелері терминдерді оқушының жас ерекшелігі мен пәнді меңгеру деңгейіне қарай сатылай енгізуді тиімді тәсіл ретінде ұсынады. Бұл елдерде терминологиялық жүктеме ғылыми және әдістемелік тұрғыда қатаң реттеліп, пәндік тілді меңгеруге жағдай жасалады.

Осыған байланысты мынадай қорытындылар ұсынылады:

- Оқу пәніне енгізілетін терминдер, ұғымдар мен тіркестер үлгілік оқу бағдарламасының құрылымымен және ұзақ мерзімді жоспардың мазмұнымен сәйкестендіріліп ұсынылуы қажет;
- Терминдердің саны ғана емес, мазмұндық дәлдігі, анықтамалық сапасы, оқушы жасына сәйкестігі ескерілгені жөн;
- Терминдерді іріктеу мен енгізу үдерісі педагогикалық, лингвистикалық және психологиялық тұрғыда үйлестірілуі қажет;
- Бірізділік пен жүйелілік қамтамасыз етілген жағдайда, оқулықтар оқушының пәндік сауаттылығын, ұғымдық аппаратын және функционалдық білімін дамытуға ықпал етеді.

Ұсыныстар:

Отандық оқулықтардағы терминологиялық жүйені жетілдіру үшін келесі қағидаларды ұстану ұсынылады:

- 1) Бірізді терминологиялық база құру. Терминдерді оқу бағдарламасының базалық мазмұнымен және оқу мақсаттарымен үйлестіру арқылы стандарттау, мазмұндық сабақтастық пен пәнішілік логиканы қамтамасыз ету.
- 2) Ғылыми негізделген анықтамалар беру. Әрбір терминнің мағынасын дәл әрі толық ашып көрсететін, пәндік мәнмәтінде түсінікті ғылыми анықтамалар ұсыну.
- 3) Жас ерекшелігіне бейімдеу және визуалдандыру. Терминдер оқушының жас

ерекшелігіне сәйкес енгізіліп, олардың меңгеруін жеңілдету үшін мысалдармен, тапсырмалармен және иллюстрациялармен сүйемелдеу.

4) Авторларға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. Аударма, термин қолдану және анықтама жазу процесін реттейтін, ғылыми стиль мен лингвистикалық дәлдікті қамтамасыз ететін арнайы нұсқаулықтар дайындау.

5) Глоссарийлерді жүйелеу және жаңарту. Әр пән бойынша пәнішілік және пәнаралық терминдердің глоссарийін әзірлеп, оны кезең-кезеңмен жаңарту арқылы бірыңғай мазмұндық жүйе құру.

Жалпы алғанда, терминологиялық сапа – оқулықтың тек тілдік емес, ғылыми-әдістемелік көрсеткіші де болып табылады. Сондықтан да оқу әдебиетін әзірлеу және сараптау үдерісінде терминологиялық дәлдік пен бірізділікке ерекше назар аудару – қазіргі білім беру жүйесінің өзекті талаптарының бірі.

Алғыс білдіру / қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығында жүзеге асырылып жатқан ИРН АР 19677837 «Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша мектеп оқулықтарының ұғымдық-терминологиялық аппаратын жүйелеудің ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу аясында жүргізілді.

Ғылыми мақаланы әзірлеу барысында терминологиялық талдау, құрылымдық сараптама және мәтінді редакциялау үдерістерінде Microsoft Copilot жасанды интеллект құралы қолданылды. Құрал мазмұнды жүйелеу, әдебиет тізімін рәсімдеу және ұсыныстар бөлімін құруда көмек ретінде пайдаланылды. Барлық ғылыми тұжырымдар авторлардың жеке сараптамасына негізделген.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Құрманбайұлы, Ш.** Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014. [Электронды ресурсы] // – URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/qazaq-terminologiyasy-zertteuler-oqulyq-sozdik-bibliografiia__1172
2. **Nurgaliyeva, S., Bolatov, A., Akhmet, A., Omarov, S., Smakova, D.** School terminology: Exploring the terminological apparatus of textbooks in natural and mathematical subjects // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*. – 2025. – №8(1). – Б. 665–678. – <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4413>
3. **Ахмет, А.Н., Бегимова, Г.А., Өмірбекова, Ж.К.** Мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданысы (жаратылыстану пәні негізінде) // Абылайхан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – 2024. – №4(75). – Б. 468–481. – <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.029>
4. **Айдарбек, Қ.Ж.** Қазақ терминологиялық аталымының ономастиологиялық аспектісі: филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009. – 58 б.
5. UNESCO. Teaching and learning: achieving quality for all. Education for all global monitoring report. – Paris: UNESCO, 2014. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000225660>
6. OECD. Tackling functional illiteracy. – 2019. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://www.oecd.org>
7. Finnish National Agency for Education. National core curriculum for basic education 2014. – Helsinki, 2016. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://www.oph.fi/en/education-and-qualifications/national-core-curriculum-primary-and-lower-secondary-basic-education>
8. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT). Course of study for elementary and lower secondary schools. – Tokyo, 2017.
9. **Ichiyama, Y.** A comparison of phonology-orthography consistency and L1-absent phonemes in junior high school English language textbooks in Japan and South Korea // *Open Journal of Modern Linguistics*. – 2024. – №14(5). – Б. 806–820. – <https://doi.org/10.4236/ojml.2024.145043>
10. **Jeong, H., Kim, A.** The digital textbook in South Korea: Opportunities and challenges // *New media and learning in the 21st century* / ред. Т. B. Lin, V. Chen, C. S. Chai. – Springer, 2015. – Б. 77–91. – https://doi.org/10.1007/978-981-287-326-2_6
11. **Browne, C., Culligan, B., Phillips, J.** The New General Service List. – 2013. [Электронды ресурсы] // – URL: <http://www.newgeneralservicelist.org>
12. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің үлгілік оқу бағдарламалары. – 2022. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>

13. OECD. PISA 2018 Results. Volume I: What Students Know and Can Do. – 2019. [Электронды ресурсы] // – URL: <https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm>
14. **Жанәділ, О.** Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары: оқу құралы. – Алматы: Дәуір-Kitap, 2014. – 86 б.
15. Ministry of Education Singapore. Science syllabus – lower secondary. – 2020.
16. Finnish National Agency for Education. Core curriculum for basic education. – Helsinki, 2016.
17. Sweller, J. Cognitive load theory // *Psychology of Learning and Motivation*. – 2011. – №55. – Б. 37–76. – <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8>
6. OECD. Tackling functional illiteracy. – 2019. [Electronic resource] // – URL: <https://www.oecd.org>
7. Finnish National Agency for Education. National core curriculum for basic education 2014. – Helsinki, 2016. [Electronic resource] // – URL: <https://www.oph.fi/en/education-and-qualifications/national-core-curriculum-primary-and-lower-secondary-basic-education>
8. Ministry of Education, Culture, Sports, Science and Technology (MEXT). Course of study for elementary and lower secondary schools. – Tokyo, 2017.
9. **Ichiyama, Y.** A comparison of phonology-orthography consistency and L1-absent phonemes in junior high school English language textbooks in Japan and South Korea // *Open Journal of Modern Linguistics*. – 2024. – Vol. 14(5). – P. 806–820. – <https://doi.org/10.4236/ojml.2024.145043>

References

1. **Kurmanbaiuly, Sh.** Qazaq terminologiyasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografiya [Kazakh Terminology: Research, Textbook, Dictionary, Bibliography]. – Almaty: Sardar baspa uii, 2014. [Electronic resource] // – URL: https://adebiportal.kz/kz/books/view/qazaq-terminologiyasy-zertteuler-oqulyq-sozdik-bibliografiya__1172
2. **Nurgaliyeva, S., Bolatov, A., Akhmet, A., Omarov, S., & Smakova, D.** School terminology: Exploring the terminological apparatus of textbooks in natural and mathematical subjects // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*. – 2025. – Vol. 8(1). – P. 665–678. – <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4413>
3. **Ahmet, A.N., Begimova, G.A., & Omirbekova, Zh.K.** Mektep oqulyqtaryndagy teriminderdiñ qoldanyssy (jaratylstanu pãni negizinde) [Terminological Usage in School Textbooks: A Case of Science Subjects] // *Abilaikhan atyndagy QazHKQjÄTU khabarsy. Pedagogika gylymdary seriysy*. – 2024. – № 4(75). – P. 468–481. – <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.029>
4. **Aidarbek, Q. Zh.** Qazaq terminologiyalyq atalymynyñ onomasiologiyalyq aspektisi: filologiya gylymdarynyñ doktory gylymi därezhessin alu üsin dayındalğan dissertatsiyanıñ avtoreferaty [The Onomasiological Aspect of Kazakh Terminological Designation: Abstract of the Dissertation for the Degree of Doctor of Philology]. – Almaty, 2009. – 58 p.
5. UNESCO. Teaching and learning: achieving quality for all. Education for all global monitoring report. – Paris: UNESCO, 2014. [Electronic resource] // – URL: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000225660>
10. **Jeong, H., & Kim, A.** The digital textbook in South Korea: Opportunities and challenges // *New media and learning in the 21st century* / Ed. by T. B. Lin, V. Chen, C. S. Chai. – Springer, 2015. – P. 77–91. – https://doi.org/10.1007/978-981-287-326-2_6
11. **Browne, C., Culligan, B., & Phillips, J.** The New General Service List. – 2013. [Electronic resource] // – URL: <http://www.newgeneralservicelist.org>
12. Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministriniñ 2022 jıly 16 qyrkúiektegi № 399 buırygy. Bastauysh, negizgi orta jáne jalpy orta bilim deñgeileriniñ úlgilik oqu baǵdarlamalary [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 399 dated September 16, 2022. Model Curricula for Primary, Basic Secondary, and General Secondary Education Levels.]. – 2022. [Electronic resource] // – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>
13. OECD. PISA 2018 Results. Volume I: What Students Know and Can Do. – 2019. [Electronic resource] // – URL: <https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2018-results.htm>
14. **Zhanädil, O.** Fizikalyq geografiyanıñ teriminderi men ugymdary: oqu quraly [Terms and Concepts of Physical Geography: A Textbook]. – Almaty: Däuir-Kitap, 2014. – 86 p.
15. Ministry of Education Singapore. Science syllabus – lower secondary. – 2020.
16. Finnish National Agency for Education. Core curriculum for basic education. – Helsinki, 2016.
17. **Sweller, J.** Cognitive load theory // *Psychology of Learning and Motivation*. – 2011. – Vol. 55. – P. 37–76. – <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-387691-1.00002-8>

Системное применение географической терминологии в школьных учебниках

Д.Р. Смакова^{*1}, Е.К. Абдрасилов², М.Е. Ажибекова³, Ж.Б. Адильбекова⁴

^{1,2}Республиканский центр оценки содержания научно-практического образования

г. Астана, Республика Казахстан

^{3,4}Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

*danarau.dr@gmail.com



Аннотация. В данной статье всесторонне анализируются структурные и методические особенности, а также актуальные проблемы терминов, используемых в учебниках по географии для общеобразовательных школ. В качестве объекта исследования рассматривается терминологический состав учебников по географии для 7–11 классов. Термины оцениваются по специальным критериям, таким как количественные показатели, научная точность, языковая грамотность, структура определений, уровень сложности и соответствие возрастным особенностям учащихся. В процессе исследования применяются экспертные методы, контент-анализ, изучение структуры определений и сравнительный анализ повторяющихся терминов. Кроме того, мнения экспертов и предложения по корректировке рассматриваются как объект качественного анализа. В результате анализа выявлено наличие в учебниках терминов, которые являются неуместными, повторяющимися и непоследовательно представленными. Описываются сложность и языковая согласованность определений терминов, представленных в учебниках. Проблемы перевода и транслитерации затрудняют образовательный процесс и негативно влияют на уровень понимания учащихся. Установлено отсутствие содержательной и языковой преемственности между типовой учебной программой и используемыми в учебниках терминами. В статье даны конкретные рекомендации по логической систематизации терминов, краткости и ясности определений, их формулированию в соответствии с научным стилем. Результаты исследования обосновывают методологические подходы, направленные на повышение качества учебников, систематизацию учебного материала и создание доступной образовательной среды для обучающихся.



Ключевые слова: терминология школьных учебников, терминологическая унификация, способы терминообразования, географические термины, использование терминов в учебнике.

Systematic Use of Geographical Terminology in School Textbooks

D.R. Smakova^{*1}, Y.K. Abdrasilov², M.E. Azhibekova³, Zh.B. Adilbekova⁴

^{1,2}Republican Center for Evaluation of the Content of Scientific and Practical Education, Astana, Republic of Kazakhstan

^{3,4}L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

*danarau.dr@gmail.com



Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the structural and methodological features, as well as the pressing issues, of terminology used in geography textbooks for general secondary education schools. The object of the study is the terminological content of geography textbooks for grades 7 to 11. Terms are evaluated based on specific criteria such as quantitative indicators, scientific accuracy, linguistic correctness, definition structure, level of complexity, and appropriateness for students' age characteristics. The research employs expert analysis methods, content analysis, structural examination of definitions, and comparative analysis of recurring terms. In addition, expert opinions and suggestions for revisions are considered as part of the

qualitative analysis. The results reveal the presence of inappropriate, repetitive, and inconsistent terms in the textbooks. The complexity and linguistic coherence of the definitions presented in the textbooks are described. Issues related to translation and transliteration are found to complicate the learning process and negatively affect students' comprehension. A lack of content and linguistic continuity between the model curriculum and the terminology used in the textbooks is observed. The article provides specific recommendations for the logical systematization of terms, the conciseness and clarity of definitions, and their formulation in accordance with the scientific style. The findings justify methodological approaches aimed at improving textbook quality, organizing educational content, and creating a more comprehensible learning environment for students.



Keywords: terminology of school textbooks, terminological consistency, methods of term formation, geographical terminology, use of terms in textbooks.

Материал баспаға 21.07.2025 келіп түсті